




ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АЛҒАШҚЫ АҚПАРАТ ҚОҒАМЫ АЖАҚАТЫ

ҚАЗАҚ ҮНІ

ҰЛТТЫҚ ПОРТАЛ

qazqin@uni.kz

ШӘМІЛ һәм КЕНЕСАРЫ



Қазақтың Кенесары сұлтаны мен Кавказдың имам Шәмілі дәл бір мезгілде отарлаушыларға қарсы көтерілді. Қап тауында Шәміл атқа қонғанда, ақ патшадан шен алған бек-сұлтандар атақты Қажы Мұрат, авар жұртының абыройы Гамзат бек, Елісу сұлтаны Данилдер иықтарындағы алтын зерлі пагонды жұлып тастап көтерілісшілерге қосылды. Барлығы дерлік Шәміл айтқан «опасыздар жердің астында жатсын!» деген жалғыз ауыз сөздің ығына жығылды. Нәтижесінде, көтерілісшілер саны 40 мыңға жетіп, 20 мың тұрақты жасақ ұстады. Ал қазақтың би-сұлтандары ше?! Кенесарыны қолдап азаттық үшін күреске шығудың орнына патшаның солдаттарымен бірігіп оған қарсы тұрды. Ақмола округінің аға сұлтаны Қоңырқұлжа Құдаймендин 1840 жылы 5 ақпанда Кенесарыға көрсеткен қарсылығы үшін патшадан полковник шенін алды. Арқа өңіріне атақты билердің бірі Кішкентайдың Аққошқары Кене ханды қолдаған қазақ ауылдарын шапқаны үшін Батыс Сібір генерал-губернаторынан «Алтын шапан» сыйлығын алды. 1843 жылдың тамызында сұлтандар А.Жантөреұлы мен Б.Айшуақұлы көтерілісшілерге қарсы жасақ жабдықтады... Бірақ имам Шәміл де, Кенесары да жеңіске жеткен жоқ. Тек ғана азаттық үшін күрескен ұлы тұлғалар ретінде екеуі де тарихта қалды. Хан Кене 1847 жылы 45 жасында қырғыздардың қолынан мерт болды. Имам Шәміл болса 1859 жылы орыстардың қолына түсті. Оны өлтіруге отаршылар қорықты. Шәміл өлсе қаһарлы таулықтардың тағы бір сойқанды бастарын білді. Оны Калугаға алып барып ауласында бау-бақшасы мен мешіті бар, ең жақсы үйлердің біріне қоныстандырды. Кейін имамның Дағыстанда қалған отбасы да түгел осында жеткізілді. Ақ патша Шәміл үшін жыл сайын қазынадан 20 мың рубль бөлгізіп, имамның өзіне 15 мың рубльдей пенсия тағайындады. 1868 жылы Меккеге барып аман-есен қажылық парызын өтеді, 72 жасында тағы да қажылыққа барып, Мекке жерінде дүниеден өтті. Сүйегі атақты «Бақи»

зиратына жерленді. Ал біздің Кенесарының сүйегі қайда қалды? Басы қайда жатыр?

Қазақтың рухы осы кезден бастап әлсіреді. Оған негізгі себеп, отарлаудың зардабы болса, екінші тараптан Абай атамыздың, «алыс-жақын қазақтың бәрі қаңғып, аямай бірін-бірі жүр ғой аңдып...» дегеніндей сатқындық, атаққа алданбақтық немесе «мәз болады болысың, арқадан ұлық қаққанға» демекші, мақтаншақтық сияқты кеселдің ұлт өміріне жалпыласып кетуінен таза рухы лайланды.